

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 544 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 513 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 қарашадағы № 1463 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.20 № 1463 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы және «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жолаушылар тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 544 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жолаушылар тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесінде:

1-тармақ «17 қаңтардағы» деген сөздерден кейін «және «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы «темір жол, теңіз, өзен көлігімен» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3-тармақтың бірінші абзацы «көлігімен» деген сөзден кейін «қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық, облысшілік) және халықаралық қатынастарда автобустармен, микроавтобустармен» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жолаушыларды қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық, облысшілік) және халықаралық қатынастарда автобустармен, микроавтобустармен тасымалдау.»;

9 - т а р м а қ т а :

«барлық қажетті құжаттармен қоса» деген сөздер «осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоса» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы шешімді

кабылдау мерзімі лицензиардың қолданыстағы заңнама мен нормативтерде белгіленген санитарлық қағидаларға сәйкес жолаушыларды тасымалдауға автобустар мен микроавтобустардың сәйкестігі туралы куәландыратын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысын алуын қамтиды.»;

14-тармақтағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген жолаушылар тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары: мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

«қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық, облысшілік) және халықаралық қатынастарда автобустармен, микроавтобустармен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылған талаптар» техникалық регламенті мен «Жолаушылар тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері. Жалпы техникалық шарттар» 1040-2001 ҚР СТ талаптарына сәйкес келетін жеке меншік құқығына жататын, жалға беру шарты негізінде немесе өзге де заңды негіздерде автобустар мен микроавтобустардың;

2) автобустар мен микроавтобустарда тахографтардың және оларды салыстырып тексеру туралы тиісті сертификаттың;

3) автобустар мен микроавтобустар иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының, сондай-ақ тасымалдауға ұсынылатын барлық жылжымалы құрамға мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу туралы қолданыстағы куәліктердің;

4) жеке тұлға үшін — тиісті санаттағы жүргізуші куәлігінің не заңды тұлға үшін — тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі бар жүргізушілер құрамының;

5) жеке меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тасымалдаушыға тиесілі жөндеу-өндірістік базасының не ұйыммен (-дармен) жасасқан қызметтер көрсету туралы шарттың;

6) автобустар мен микроавтобустарға рейс алдындағы техникалық байқау және жүргізушілерге рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық байқау жүргізу үшін қызметтер мен білікті персоналдың не осындай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен шарттардың;

7) тасымалдарды жүзеге асыру қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаны белгілей отырып, бұйрық көшірмелерінің болуын қамтиды.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК